

Кентау қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2024 жылғы 12 наурыздағы № 93 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 14 наурызда № 6480-13 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2026 жылғы 13 ақпандағы № 257 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Кентау қалалық мәслихатының 13.02.2026 № 257 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады) шешімімен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Кентау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Кентау қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесі салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2% - ға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Кентау қалалық мәслихатының төрағасы

К. Елеусизов